



Түркістан қаласы облыс орталығы атанғанына екі жылдың жүзі болды. Тарих үшін аз ғана уақытта қасиетті мекенде құрылыс қарқыны бәсеңдеген жоқ. Сондықтан бүгінде Түркістан қаласы жаңа кейіпке еніп отыр. Дегенмен, әлі де жоспарланған құрылыс жұмыстары көп. Әрі бұл жұмыстар сапалы орындалуы басты мәселе. Өткен аптада Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев Түркістан қаласындағы әкімшілік-іскерлік орталығы аумағында бой көтерген тұрғын үйлер мен «RIXOS» және Хэмптон қонақ үйлері, Керуен сарай, кітапхана, Тұңғыш Президент саябағы мен «Әзірет-Сұлтан» қорық мұражайындағы құрылыс және абаттандыру жұмыстарының барысын бақылады, деп хабарлайды Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Құрылыс алаңына айналған көне шаһарда құрылыс жұмыстары бір сәтке де тоқтамақ емес. Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев шаһардағы құрылыс нысандарын аралап, құрылысшылардың жұмыс жағдайына аса мән берді. Барлық жұмыстар уақытылы әрі санитарлық талапқа сай жүргізілуі тиіс» - деді аймақ басшысы.

ӨМІРЗАҚ ШӨКЕЕВ: КӨНЕ ШАҒАРДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС БІР СӘТКЕ ДЕ ТОҚТАМАЙДЫ



Өмірзақ Естайұлы бұдан соң қала көшелеріндегі жол жөндеу жұмыстарын да тексерді. Биылғы жылы жол инфрақұрылымын дамыту мақсатында әкімшілік-іскерлік орталығына ір-

гелес орналасқан, яғни инфрақұрылымы толық аяқталған аймақтарда 106,3 шақырымды құрайтын 81 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Қазіргі таңда

58 көшеде жұмыс қарқынды жүргізілуде. Облыс орталығының даму қарқыны аймақ басшысының тікелей бақылауында.

Шолушы.

«Бабадан қалған боз кілем»



шаһарда “Бабадан қалған боз кілем” атты онлайн көрме өтті. Мегаполистегі Көрме орталығының ұйымдастыруымен қазақтың бабадан балаға мұра болып келе жатқан ұлттық кілем тоқу өнерін насихаттап жүрген, кілем жинақтаушы Дана Бектаеваның онлайн тікелей эфир көрмесі халыққа ұсынылды. Ең әуелі кілемнің қазақ халқының тұрмысында алар орнына тоқтала кетейік. Кезкелген халықтың тарихында тұрмысқа падаланған зат-

тардың өзіндік сыры болған. Рухани құндылыққа бай қазақ халқының әрбір үй жабдығы, жиһазының тек пайдалану үшін ғана емес мағынасының да сыры тереңде. Соның ішінде төсеніштердің және төсеніштегі ою-өрнектің мән-мағынасы зор. Ғасырлар бойы жиналған халқымыздың асыл мұрасы – кілем өнері туралы аз-кем тоқталсақ. Кілем тоқу – қазақ халқы үшін ерекше орын алған көсіп.

Жалғасы 3-ші бетте

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының үшінші бөлімі Ұлттық бірегейлікті сақтауға арналған.

Онда «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» делінген. Ұлттық руханиятымызды сақтау мақсатында бүгінде республикамызда және Шымкент

қаласында ауқымды шаралар атқарылуда. Жуырда елімізде орын алған карантиндік шараларға қарамастан Шымкент қаласының 2200 жылдығымен тұспа-тұс келген “Шымкент 2020 – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мәдени астанасы” жылына орай

Баспасөз-2020

«Айғақ» газетіне
2020 жылға жазылу жалғасуда!

Құрметті оқырман!

	1 айға	6 айға
Редакцияда жазылу	220 теңге	1320 теңге
Пошта арқылы жазылу	277,59 теңге	1665,54 теңге

Абайдың қара сөздері

ЖИЫРМА БЕСІНШІ ҚАРА СӨЗ

Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады. Оның үшін бұл жер дарулархарап, мұнда әуелі мал табу керек, онан соң араб, парсы керек. Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын? Ашап-ішімге малдың тапшылығы да ағайынның араздығына уә әртүрлі пәлеге, ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық секілді нәрселерге үйрендіруге себеп болатұғын нәрсе. Мал тапса, қарын тояды. Онан соң, білім түгіл өнер керек екен. Соны үйренейін не балама үйретейін деп ойына жақсы түседі. Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да - бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. // // // Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды. // // // Дінге де жақсы білгендік керек. Жорғалықпенен көңілін алсам екен деген надан әке-шешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын жауырынынан бір қаққанға сатады. // // // Тек майордың күлгені керек деп, к... і ашылса да, қам жемейді. Орыстың ғылымы, өнері - дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңоны болмаса, заңсыз қорлығына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек. // // // Қазір де орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісі шыға алмай да тұр. Себебі: ата-анасы, ағайын-туғаны, бір жағынан, бұзып жатыр. Сүйтсе де, осы оқыған балалар - ана оқымаған қазақ балаларынан үздік, озық. // // // Не қылса да сөзді ұқтырса болады оларға. Жақсы атаның балалары да көп оқыған жоқ, қайта, кедейдің балаларын орысқа қорлап берді. Олар осыдан артық қайда барсын? Және де кейбір қазақтар ағайынымен араздасқанда: «Сенің осы қорлығыңа көнгенше, баламды солдатқа беріп, басыма шаш, аузыма мұрт қойып кетпесем бе!» деуші еді. Осындай жаман сөзді, құдайдан қорықпай, пендеден ұялмай айтқан қазақтардың баласы оқығанменен не бола қойсын? Сонда да өзге қазақ балаларынан артық үйренгені немене, қай көп үйреніпті? Кірді, шықты, ілді, қайтты, түбегейлеп оқыған бала да жоқ. Әкесі ел ақшасымен оқығанға әрең оқытады, өз малын не қылып шығарсын? // // // Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол - мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең - оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көре ме, я жұртқа рахат көрсете ме?

Тағайындау



Мадияр ҚОЖАХМЕТ -

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Азаматтық қоғам істері комитеті төрағасы

Мадияр Дүйсенбайұлы Қожахмет 2020 жылғы 29 маусымнан бастап ротация тәртібімен Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Азаматтық қоғам істері комитеті төрағасы лауазымына тағайындалды.

Мадияр Қожахмет 1984 жылы дүниеге келген. 2007 ж - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін бітірген. Халықаралық құқық магистрі.

2008 ж - Чех мемлекеттік қоғамдық ғылымдар университетін бітірді. Экономика және менеджмент магистрі.

Еңбек жолын, 2003- 2006 жж - «Қазақстанның жастар конгресі» ЗТБ әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар басқармасының бастығы, орындаушы директоры болып бастаған. 2006-2008 жж - «Қазақстанның жастар конгресі» ЗТБ Чехиядағы өкілі; 2008 ж - ҚР Білім және ғылым министрлігінің Тәрбие жұмысы және жастар саясат департаменті директорының орынбасары; 2008-2012 жж - ҚР Білім және ғылым министрлігі Тәрбие жұмысы және жастар саясат департаментінің директоры; 2012-2014 жж - ҚР Президенті Әкімшілігі мемлекетті қадағалау және ұйымдастырушылық- аумақтық жұмыстары бөлімінің инспекторы; 2014-2017 жж - Солтүстік Қазақстан облысы Әкімдігінің аппарат басшысы; 2017-2019 жж - Солтүстік Қазақстан облысы Әкімінің орынбасары; 2019-2020 жж - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы; 06.2020 ж - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Азаматтық қоғам істері комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған.

Бақытжан ЖАҚСЫЛЫҚОВ -

Сарысу ауданының әкімі

Жамбыл облысы әкімінің Әкімімен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және аудандық мәслихат депутаттарының келісімімен Бақытжан Жақсылықов Сарысу ауданының әкімі болып тағайындалды.



мүмкіндіктерін жұмсайтынын жеткізді.

Бақытжан Алпысұлы 1972 жылы Жамбыл облысы Сарысу ауданында дүниеге келген.

Қазақ Ұлттық техникалық университетін “инженер-құрылысшы” мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1995 жылы Қазақ Ұлттық техникалық университетінде оқытушы болып бастаған.

Әр жылдары Сарысу ауданы әкімі аппаратының, аудандық Зейнетақы төлеу жөніндегі орталығының бас маманы, аудан әкімі аппаратының бас инспекторы, бөлім меңгерушісі, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі аудандық комитеттің төрағасы, Жанатас қаласының әкімі қызметтерін атқарған.

Сондай-ақ, Сарысу ауданы әкімінің аппаратын басқарған. Сарысу ауданы әкімінің орынбасары, Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы лауазымдарында болған.

2019 жылдың наурыз айынан бастап “Тараз құрылыс Инвест” компаниясының бас директоры болып жұмыс істеп келген.

КЕНТАУДА ҰЛЫ АБАЙҒА ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫЛДЫ



Елорда күні қарсаңында Түркістан облысы, Кентау қаласында қазақтың ұлы ақыны Абайдың 175 жылдығына орай еңселі ескерткіш орнатылып, ашылу салтанаты өтті. Игі шараға облыс әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов арнайы қатысып, кентаулықтарды құттықтады.

«Елорда күніне орай Кентау қаласында бірнеше нысан ашылып отыр. Соның арасында шоқтығы биігі биыл мерейтойы аталып жатқан қазақтың мақтанышы, ұлы данышпаны Абайға арналған ескерткіштің ашылуы. Бұл нысанның кентаулықтарға, жастарға идеологиялық тәрбиелік мәні зор. Осында кентаулық жастар ақынның өлеңдерін, қара сөздерін оқитын болады. Бүгін қалада ашылған жаңа нысандар елдің игілігіне жарай берсін. Баршаңызды Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласы күнімен шын жүректен құттықтаймын», - деді Сәкен Амангелдіұлы.

Сондай-ақ, салтанатты шараға Кентау қаласының әкімі Д.Мақажанов, кентаулық зиялы қауым өкілдері мен ақсақалдар қатысып жылы лебіздерін жеткізді. Жас ақындар ұлы ақынға арнап арнаулар айтты. Биіктігі 4,5 метр ескерткіш 3 метрлік тұғырға орнатылған. Жалпы биіктігі 7,5 метр, салмағы 3 тонна. Ескерткіш қала орталығындағы Абай даңғылы бойында орналасқан. Авторы мүсінші – Бауыржан Жалын.

Елорда күніне орай, сондай-ақ, Кентау қаласында «Ұстаздар алжасы» ашылды. Жаңа нысан ұстаздар құрметіне арналып отыр. Сонымен қатар, Еріктілер жылына орай шаһардағы “Жастар саябағы” күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді. Онда велотрек, теннис корты, футбол және баскетбол алаңдары бар. Алдағы уақытта саябақ жастардың басын қосатын орынға айналмақ.

«Айғақ»-ақпарат.

Бұл аптада кімдер туылған?

08.07.1958 ж.
Жансейіт Түймебаев
Қазақстан Халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары

10.07.1949 ж.
Шәріпбек Жамалбеков
Түркістан облысының мәслихат депутаты, Түркістан облысы және Шымкент қаласының «Құрметті азаматы», «Құрмет» орденінің иегері, Түркістан облыстық «Азаматтық альянсы» қауымдастығының президенті

10.07.1964 ж.
Нұрлан Қадырқұлов
ҚКХП Түркістан облыстық филиалының бірінші хатшысы

10.07.1953 ж.
Талғат Баймаханов
Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, «Қаз Транс Ойл» АҚ Шығыс филиалы мұнай құбырлары басқармасының басшысы

Құрметті туылған күн иелері! Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!

@egovhelpkz бағанасы

ШЕТЕЛДЕ БІЛІМ АЛҒЫҢЫЗ КЕЛЕ МЕ?

Егер осындай мақсат қойсаңыз, eGov порталы арқылы шетелде оқу конкурсына қатысуға өтінім бере аласыз. ҚР Білім министрлігімен бірлесіп, осы қызметті жақында онлайн форматқа көшіруді аяқтадық.

eGov порталы арқылы “Бакалавриат”, “Магистратура/Резидентура” және “Докторантура” бағдарламаларына түсуге өтінім бере аласыз.

Өтінім берер алдында ғылыми жұмыстарыңызды, шет тілін меңгергеніңізді растайтын сертификатты және неліктен онда оқығыңыз келетіндігі туралы түсініктемені алдын ала дайындаңыз – бұл тармақтарды толтыру міндетті.

Сонымен, өтінімді қалай бересіз. Порталда авторизациядан өткен соң, білім бөлі-

міне кіріңіз. “Білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде шетелде оқу конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау” қызметін таңдап, онлайн тапсырыс беріңіз. Содан кейін біліміңіз, отбасы жағдайы, еңбек қызметі туралы барлық қажетті жолдарды толтырыңыз, қалаған еліңіз бен мамандықты таңдаңыз және ғылыми еңбектер мен тілді меңгеру туралы ақпаратты көрсетіңіз.

Өтінімге ЭЦҚ-мен де, SMS-парольмен де қол қоюға болады. Бір күннің ішінде порталдағы жеке кабинетіңізге құжаттардың қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы жауап келеді.

СЕЛДЕН ЗАҚЫМ КЕЛГЕН 42 ҮЙ ЖАҢАДАН САЛЫНУДА



Түркістан облысының әкімі Әмірзақ Шөкеев табиғат апатынан зардап шеккен Төлеби ауданын аралап, тұрғындармен тілдесті. Жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын арттыру мақсатында «Алатау» мөлтек ауданында бой

–терезелері орнатылған. Қазір ішкі электр желісін өткізу мен сылақ жұмыстары жүргізілуде. Құрылысшылар сондай-ақ, қалған 32 үйдің шатырын жабуға кіріскен. Тағы екі үйдің қабырғасы қаланып жатыр. Аймақ басшысы сапар барысын-

да баспаналарына зақым келген Төлеби ауданының орталығы Леңгір қаласы мен Киелі тас ауыл округінің тұрғындарымен кездесіп, ой-пікірлерін тыңдады. Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан зардап шеккендердің жартысына жуығы көп балалы отбасылар. Кездесу барысында барлығы да атқарылып жатқан жұмысқа ризашылықтарын білдірді. Әмірзақ Естайұлы өз тарапынан мердігер компания өкілдеріне үйлердің сапалы жүргізілуін тапсырып, тұрғындардың барлық жағдайы ескерілуі керектігін баса айтты.

Еске сала кетейік, 13-ші мамыр күні нөсер жауынның салдарынан Төлеби ауданындағы өзендердің су деңгейі көтеріліп, арық-атыз, қыр-сайлардан жиналып аққан жаңбыр суынан 6 елді мекендегі 250 тұрғын үйлердің ауласына су кірген болатын. Таулы аймақтарда жүрген селден үйлер мен жолдарды су шайып, бірнеше көпір қираған еді. Арнайы комиссия құрылып, сел салдары шұғыл түрде жойылды.

Түркістан.

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Кілемнің қазақтар тұрмысында көп тұтылатын түрлері тоқылу ерекшелігіне (түкті, тықыр, барақ), өндірілген орнына (Алматы кілемі), тоқылған материалына (жібек, масаты, қалы), ру үлгілеріне (адай кілемі, қоңырат кілемі, керей үлгі, найман үлгі), ою-өрнегі мен түріне (қос, үш, бес гүлді кілем),



«Бабадан қалған Боз кілем»



қосалқы белгілеріне (шашақты кілем, шашақсыз, ақалы) қарай бөлінеді. Қазба жұмыстары арқылы белгілі болған байырғы сақ, гүн, үйсін кілемдерінің тоқылу, көркемделу тәсілдері мен негізгі пайдаланған ою-өрнектері Қазақ кілемі үлгілерімен өте ұқсас. Қазақ кілеміндегідей қызыл, сары, ақ, қара, аспанкөк түстерді басым қолданған ежелгі кілем үлгілерінің қазіргі үлгіден айырмашылығы – өз дәуірінің әдет-ғұрпын, салт-жорасы мен кәсібін бейнелегенінде. Ал ою-өрнектің көптеген түрлері (қошқар мүйіз, т.б.) негізгі бітімін бұзбай әлі күнге дейін қолданылып келеді. Қазақ кілемі үлгілері мен басқа да түркі халықтары кілем үлгілері арасындағы ұқсастықты ортақ тарихи бастаумен негіздеуге болады, сондай-ақ, көршілес халықтар арасындағы мәдениет алмасуымен де тығыз байланысты. Қазақстанның оңтүстік өңірлері мен Арқада түкті, тықыр, араб кілем тоқу, Семей облысында кілем кестелеу дамыған. Қазақ кілемінің түкті және тықыр түрлерінде негізгі үлкен гүлдері “күмбез”, жиектеріндегі текшелі өрнектері “қорған” деп аталып, оны қуалай күлгін түсті “су” өрнегі жүргізіледі. Бұл зәулім күмбезді, тас қамалды қорғанның сыртын қуалай су жүргізілген қаланы тұспадап бейнелеуден шыққан. Кейде ортаңғы гүл-күмбездердің орнына “түлкі ілген бүркіт”, басқа да жан-жануарлар, табиғат көрінісі бейнеленеді. Геометриялық өрнектер өте басым, ішінара “көгеріс” өрнектер қолданылады. Түксіз Қазақ кілемі дерін тоқудың да бірнеше тәсілі бар. Олардың көп тараған түрі – арабы Қазақ кілемідер. Ондағы ең басты өрнектерді “араби” деп атайды. Жіңішке және жалпақ өрнекті белдеулерді шебер алмастырып отыру арқылы арабы кілемнің әсем суреті құралады. Орта тұсы шаршылармен немесе ромбылық әшекейлермен безендірілген түрін шаршы кілем деп атайды.

Орталық бөлігіне ұдайы алмастырылып тұратын түсті белдеулер орналасқан, ал олардың ортасында алуан түсті жіптерді қайта әдіптеу арқылы орындалған сатылы өрнектер салынған түрін тақта кілем деп атайды. Түксіз кілемнің оюларында қошқар мүйіз, құс тұмсық, ботакөз, тұмар, тарақ нұсқалар мол кездеседі. Кейде қазақ оюына онша тән емес, Орталық Азия халықтары қол өнерінен ауысқан өрнектер де ұшырасады. Кілем өрнегінде, әсіресе, қызыл фонға қара, көк, сары және ақ түсті өрнектер көбірек жүргізіледі немесе негізгі бір түстің бір-біріне жақын бірнеше өңдері де қолданылады. Мысалы, қызыл, алқызыл, қызылқураң түстер. Қазақ кілемі өрнектерінің ішінде зооморфтық оюлар да көп. Мысалы, “сыңар мүйіз”, “иттабан”, “көбелек”. Мұнымен бірге геометриялық өрнектер де кездеседі. Қазақ тұрмысында: масаты кілем, жібек кілем, тықыр кілем, қалың кілем, қара кілем, бұхар кілем, терме кілем, түрікмен кілем, парсы кілем, алаша кілем, шешенгүл кілем, жолақ кілем, шатыргүл кілем, мәскеугүл кілем, мақпал кілем, қарамаң түр, талас кілемі, ақтаңлақ кілем, шашақты кілем түрлері көп тараған. Қазақстанда тоқылатын кілемдердің түрлері де, атаулары да өте көп, көне заман деректерінде де олар осы күнгі атаулармен аталған. Бұл кілем тоқудың дәстүр сабақтастығын үзбей келе жатқан, терең тарихы бар өнер екендігін дәлелдейді. Қолөнер шеберлері кілем үлгілерінде ұлттық ою-өрнектермен қатар қазіргі заман тынысын, өмір шындығын бейнелейтін жаңа түр тапты.

Қазақ кілемдері екі негізгі түрге бөлінеді: түксіз (тон) және қадалы (түкті).

Қапсыз кілемдер негізінен тік өрнекті жіптермен тоқылған. Кілем өрнегінде зооморфтық өрнектер, үй заттарының белгілері, геометриялық пішіндер басым; өсімдік үлгілері де сирек кездеседі

Қазақ тұрмысында өрмек тоқумен ай-

налысатын қыз-келіншектер арасынан кілем тоқуды кәсіп еткендер де көптеп шыққан. Ал жалпы қыз өз жасауын өзі дайындаған кезінде де міндетті түрде кілемдерді өз қолдарымен тоқып дайындап қойған. Кілемнен бөлек алаша, түскііз, текмет сынды төсеніштерді де дайындаған, себебі төсеніштер қай кезде де тұрмысқа өте қажетті заттар болғандықтан. Бүгінде осы сыры мен бейнеті мол өнерді өскелең ұрпаққа ұғындыру – руханиятымызға бойлаудың пір парасы болар еді. Себебі, осы бір өнердің өзі қазақ халқының тарихынан сыр шертеді. Кілем тарихы сонау сақ дәуірінен бастап дамыған. Кілем бетіне әр дәуірде әртүрлі бедерлермен толықтырылып отырған. Яғни, кілем бетіне өз дәуірлеріндегі оқиғалармен тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін, сондай-ақ, кілем бетіндегі оюлар арқылы адамдардың арман тілегін, көңіл-күйін бейнелеп отырған. Сондай-ақ, кілем тоқылуына, материалына, ру үлгілеріне, ою-өрнектеріне, қосалқы белгілеріне қарай бөлінеді. Мәселен, коллекционер Дана Бектаеваның айтуынша, кілемге өрнек салғанда негізінен жақсылықты меңзейтін, яғни, аспанымыз ашық, ғұмырымыз ұзақ, бақытты болайық деген символарды бейнелеп отырса, тұрмысқа шыққан қыз біршама уақыт өткен соң төркініне оялуы кесте не болмаса текемет сияқты сәлемдеме жіберетін болған. Сол жіберілген дүниеге қарап ата-ана қызының тұрмысының жақсы немесе нашар екендігін біліп отырған. Қалай дейсіздер ме?.. Мәселен, оюлары әдемі және қанық түсті болса, онда қызының жағдайы жақсы екендігін, ал түсі өңсіз, суреттері нашар болса қызының жағдайы онша жақсы емес екендігін сол бір кілемнен біліп отырған. Мұның өзінде қаншама тәлім-тәрбие жатыр.

Ұйымдастырылған іс-шараның басты мақсаты осындай ұлттық қолөнерді ұлықтап, өзіндік ерекшелігін бағалап, кілем тоқу өнерін өшірмей, кереметтілігін халыққа паш ету. Көпшілікке ұсынғылы отырған кілемдер Дана Бектаеваның жеке коллекциясындағы дүниелер. Барлығы қолдан тоқылып, табиғи материалдардан өндірілген өнім. Қазақстанның түкпір-түкпірінен жинақталған құнды кілемдердің біршамасы Оңтүстікте, дені Сыр өңірінен табылған. Қызылорда облысында қазақ кілемдер көптеп сақталса, алаша негізінде Ақтөбе өңірінен алынған. Кілем беттеріндегі сан алуан өрнектің тілі, әр сызықтың түр-түсінің айтар ойы тереңде. Сан ғасырлар сорабынан сыр шертетін тарихи дүниелер – кілемдер арқылы сол заманның тарихы, тыныс тіршілігі, көне кілемдердің маңызы жайлы кезкелген қызығушылық танытқан адам әлеуметтік желілерден көріп, таныса алады. Атап айтқанда, Көрме орталығының инстаграмм және фейсбук парақшаларынан кез-келген сәтте тамашалау мүмкіндігіне ие.

Айта кететін жайт, көрмеге XIX-XX ғасырларға тиесілі қолдан тоқылған түрлі кілемдер мен алашадан бөлек басқұр, уықбау сынды киіз үй жабдықтары көрсетілімге шығарылды.

Ғасырдан ғасырға, атадан балаға өзінің өміршеңдігімен үзілмей жетіп, жетіліп отырған қасиетті тоқыма өнерінің баға жетпес айтулы туындылары – кеше мен бүгіннің ертеңге қалдырар асыл мұрасы.

Иә, қазақ халқымен біте қайнасқан кілем тоқу өнерінен осыншама мағлұмат алуға мүмкіндігі болса, Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында түрлі ұлттық дүниелердің барлығынан бүткіл қазақ халқының болмыс бітімін, тұрмыс салтын, тарихын біліп, бойға сіңіру өте маңызды әрі қызықты болары сөзсіз.

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІН КӨРСЕТЕТІН LED ЭКРАНДАР ОРНАТЫЛАДЫ

Шымкент қаласы әкімдігінде Шымкент қаласы Табиғи ресурстар мен табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Ахмет Татыбаевтың қатысуымен атқарылған жұмыстар және жоспарлар бойынша брифинг өтті.

Баспасөз мәжілісінде Ахмет Өтегенұлы аталған басқарманың 6 айлық жұмысын қорытындылап, алдағы жоспарлары жайлы айтты.

– 2020 жылы қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемдер түсімі 975,916 млн теңге көлемінде жоспарланып, осы жылдың 5 айында нақты өндірілген төлемдер 440,5995 млн теңгені құрады. Яғни, жылдық жоспар 45,15 пайызға орындалды. Ал алты ай қорытындысында бұл көрсеткішті 50 пайыздан асырамыз деп отырмыз. Қазіргі таңда біздің басқармаға қарайтын «А.Асқаров атындағы Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағы» мен «Жасыл белдеу» мекемесі бар. Өздеріңізге мәлім, бүгінге дейін «Дендросаябағының» жағдайы мүшкіл болған. Саябақта 1979 жылы 560 ағаш түрі болса, бұл күнде 200-дей ғана ағаш-бұта түрі қалған. Яғни, «Қызыл кітапқа» енген ағаш түрлері де бар. Осы олқылықтардың орнын толтырып, бүгінгі таңда ағаш түрін 350-ге жеткіздік. Алдағы екі жылдың ішінде бұл көрсеткішті 560-қа жеткіземіз. Одан бөлек, биыл саябақта басқа да жұмыстар жүргізілуде. Атап айтсақ, веложол төселіп, 673 жарық беруші қоюдамыз. Мұны жыл соңына дейін аяқтаймыз деп отырмыз. Сондай-ақ, әбден тозығы жеткен суғару жүйесіне қаржы бөлініп, суғару жүйелері толық орнатылады», – деді басқарма басшысы.

Аталған брифинг барысында А.Өтегенұлы басқармаға қарасты «Жасыл белдеу» мекемесі жайында сөз қозғады. – «Жасыл белдеу» – қаламыздың өкпесі. Сол себепті бұл қала әкімінің қатаң бақылауында. Жоспар бойынша 2025 жылға дейін қаланың сыртындағы жасыл белдеу толығымен орындалады. Мұның барлығы Үкіметтің қаулысымен шаһардың даму жоспарындағы 85-тармағында бекітілген. Осы орайда атқарылған жұмысымыздың бір бөлігін жеткізе кетсем, Достық мөлтек ауданы, Ақбосаға көшесіндегі 900 м жол бойына отырғызылған ағаштарға күтіп-баптау жұмыстары жүргізілді. 1600 дана раушан гүлдері, 300 дана бозарша, 773 дана жай жапырақты ағаштарының түбін қопсытып, суғару шұңқырлары жасалып және ағаштар суғарылды. Сондай-ақ, осы жылы орман және дала алқаптарында өрт ең көп болатын жерлерге қосымша 2 бекет ұйымдастырылды», – деді А.Татыбаев. Брифинг соңында басқарма басшысы Шымкент қаласы бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі жөнінде халықты хабардар етуді қамтамасыз ету мақсатында қалалық бюджеттен қаржы бөлініп, 2 дана LED экранды орнату үшін қала аумағынан жер учаскелерін рәсімдеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Айта кетейік, осы жылдың алты айында «А.Асқаров атындағы Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағына» 101578 демалушы келген. Нәтижесінде, жергілікті бюджетке 2 803 225 теңге салық төленген. Саябаққа кіру ақысы – 26,51 теңге. Ескертетін жайт, карантин режимі сақталуына байланысты саябақта ұсынылатын ақылы қызмет түрлері жүргізіліп жатқан жоқ.

«Айғақ»-ақпарат.

Шағалалы Шардара ілгеріде керуен жолдың түйіскен орталығы болған деседі тарихшылар. Бұл тектен тек айтылған сөздер емес, себебі кезінде Ұлы Жібек Жолының бойында орналасқан мекендер сауда саттық үшін қолайлы болуы тиіс еді. Ал Шардараның жанынан Орта Азиядағы ең ірі өзендердің бірі Сырдария Ферғана даласынан Арал теңізіне дейін ағып өтеді. Яғни, бұл мекен осы бір халықаралық жолдағы жайлы аялдамалардың бірі болғанының айқын дәлелі.

Осы Сырдария бойында Қазақстан мен Өзбекстанның шекарасында Шардара су қоймасы орналасқан. Шардара су қоймасы өткен ғасырдың 60 жылдары құрылған және егін алқаптарды суғару және гидроэлектростанция үшін салынған. Осындай қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, Шардара су қоймасы 40 шақырымды құмды жағажайымен туристерді қызықтыруда. Бүгінде мұнда көптеген демалыс аймақтары салынған. Ал осыдан екі жыл бұрын облыстың туристік әлеуетін дамыту мақсатында «Safari Shardara» шарасы өткен болатын. Бұл шара арқылы Қызылқұм өңірінде, Сырдария өзенінің бойында, Шардара теңізінің жағалауларында сейілеруен, сафари, су жарыстары, күзгі джаз, гитара фестивальдарының ұйымдастырып, өлкемізді Қазақстанның тұрғындары мен шетелдіктерге таныстыру көзделгенді.

Жалпы су мен құм бүгінде туристерді қызықтырып отырған демалыс аймақтарының бірі. Тек сумен ғана емес, сауатты турист демалумен қатар жанына шипа болар орын болғанын қалайды. Ал Шардарада су маржаны саналатын дәруменге бай балықтар мен жанға шипа шұбаты бар. Яғни, тек демалып қана қоймай тәнінің саулығын арттыратын нәрселерге де бұл аймақ кенде емес. Туристерге көрсетілетін сервистерді арттырса, мұнда туристерді тарту қиын бола қоймас, себебі мұнда зиярат туризмі де жақсы дамытуға болады. Олай деп айтуымыздың өзіндік себебі бар.

Ең әуелі зиярат туризмі туралы аз-кем тоқталсақ. Зиярат туризмі дегеніміз, киелі орындарға саяхаттау. Бұл жағынан келгенде Ислам ынтымақтастық ұйымына мүше елдер арасында, әлбетте, Сауд Арабия көш бастап тұр. Қажылық секілді қасиетті сапарға аттанғандар есебінен. Ал Орта Азия елдері арасында туризмнің бұл саласы бойынша Өзбекстанның аты озып, қара үзіп шыққан. Сондай-ақ, зиярат туризмі бойынша Сауд Арабиядан кейінгі орында Түркия тұр, одан кейінгі орындарға Марокко, Иран, Бахрейн, Малайзия, Біріккен Араб Әмірлігі, Индонезия және Қазақстан жайғасқан.

Шардара ауданына қарасты киелі орындар мен архитектуралық ескерткіштер жеткілікті. Сонымен, шағалалы мекеннің зиярат туризміне қатысты орындарымен және Сырдария университетінің студенттердің зерттеулерінен алынған ақпараттармен таныс болайық:

ҰЗЫН АТА КЕСЕНЕСІ

Ұзын ата мазары – Шардара ауданында орын тепкен. Мазар күйдірілген шаршы пішіндес кірпіштен қаланған. Мазардың шығыс бөлігінде жоғары шығатын башпақдақ, ал батыс бөлігінде шағын бөлме бар. Кіре берісі II өрпі секілді көркемделіп, есіктің үстіңгі жағы сүйірленіп келген аркамен әшекейленген. Әмір Темірдің өмірімен XIV ғасырдың соңында тұрғызылған. Кесене ішінде есікке қарама қарсы күмбездің



Суретте: Ұзын Ата кесенесі



Суретте: Жаушықұмтөбе қалашығы

астында Ұзын ата мүрдесі жатыр, оған бір метрге жуықтайтын құлпытас қойылған. Ұзын ата Ақсақ Темірдің бас кеңесшілерінің бірі ретінде қасында еріп жүрген. Сыр бойы халықтарының ықыласына бөленіп, ел абызы, әлеумет қамқоршысы, әулие кісі атанған. Ескі аңыз-әңгімелерде Ұзын атаның шын аты Асан ата деседі. Әр сөзі дуалы Асан қария Ақсақ Темірдің бас кеңесшілерінің бірі болса керек. Оның Ақсақ Темірге айтыпты деген сөзі ел аузында. Асан ата (Ұзын ата) дүниеден өткенде, байсалды кеңесімен, терең ойымен тәнті еткен бас кеңесшісінің қазасы қабырғасын қайыстырған Ақсақ Темір ол кісінің басына бір күннің ішінде кесене салдырыпты. Ұзын ата елді мекені Ақсақ Темірдің Сырдария бойына жүргізген соңғы жорықтарының бірінде аяқ суытқан

бекеті болған. Ол сондай-ақ, сол тұстағы ел билеушілерінің бірі Хәліл-Сұлтан Ақсулаттан Отырарға бара жатқан жолында Ұзын ата түбінде Шахрухқа табан тірегені туралы деректер бар. Және ескіден жеткен шежірелерде Ұзын ата осы өңірді мекендеген халықтардың ыстық ықыласына бөленгендіктен

алаңының көлемі 250 x 250 шаршы болып, биіктігі 4 м-ден 5 м-ге дейін, ал сыртқы көрінісі ескі қаланың шахристаны секілді. Оның ортасынан солтүстік-батыс беткейіндегі төбешікте пирамида секілді төртбұрышты емес алаң орналасқан. Оның өлшемі оңтүстік-батысқа 36,5 м, солтүстік-батысқа 28,6 м,

ШАҒАЛАЛЫ МЕКЕННІҢ

солтүстік-шығысқа 98 м дейін, 0,5 м-ден 0,8 м дейінгі алаңның биіктігін дуалмен қоршаған. Алаңның ең биік ақтық нүктесінен 10 м-дей, алаң дуалының бұрышында қала цитаделінен өте биік емес адырлы мұнара орны бар. Ал алаңның ортасында көтеріңкі түрдегі қалдық орналасқан. Цитадель төмпешігінің үшінші беткейінде немесе оңтүстік-батысынан 4 м төменде дуалдың жоғарғы ернеуінде екінші бір қалдықтың орны табылды. Оның өзінше ерекшелігі дуалдың баурайынан ордың тереңдігі 0,8 – 1,1 м, ал көлемі 1 – 1,5 м шамасында. Биіктігі ордың түбіне дейін 0,6 – 1 м-дей.

Ал алаңның шахристанында тап осылай мұнараның өте биік емес дуалдық, адырлы орны қалған.

Шахристанда да бір-біріне қашық емес оңтүстік-шығысынан, солтүстік-шығысына қарай орналасқан әр түрлі өлшемді және түрлі типтегі жер дуалдар кездеседі.

Қалашықтың территориясы мен айналасынан әр түрлі типтегі, формадағы ыдыстардың қалдықтары жиналды.

Шардара елді мекені

Шардара қаласынан 2 км солтүстік-батыста, Сырдарияның сол жағалауында орналасқан. 1950 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы ашып, зерттеген. Жобасында тікбұрышты шеңберленген алаң. Алаңның орташа биіктігі 1,5–3 м, ұзындығы солтүстіктен оңтүстікке 230 метрге, батыстан шығысқа 300 метрге созылып жатыр. Шығыс жағының батысқа қараған бөлігінің төменінде қазіргі заманғы канал өтеді. Алаңның ортасының солтүстік-батыс жағында сопақша төбе болып келген цитадель қалдықтары жатыр. Цитадельдің биіктігі 13–14 м, негізінде 130x120 м, жоғары бөлігі 60x35 метр. Елді мекенге кіретін қақпаның орны солтүстік-батысында орналасқан. Төбені айнала қоршаған ор, қамал үйіндісінің қалдықтары сақталған. Ордың ені 6–8 м, ордың жағасының биіктігі 0,5–1 м, ені 2–3 м. Үстіңгі қабаттан табылған керамикалық материалдар – шаруашылық ыдыстарының сынықтары және қолмен жасалған асхана бұйымдары: ірі және құм сияқты ыдыстар, құмыралар, құты тағы басқа жинап алынды.

Сейіттөбе қаласы, I–XII ғ.ғ.

Қоссейіт ауылынан 1 шақырым шығыста, Сырдарияның сол жағалауында орналасқан. 1950 ж. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Алаңның сақталған бөлігінің негізгі биіктігі 4–5 м, ұзындығы солтүстік-оңтүстік бағытта 110 м, батыс-шығыс бағытта 150 м. Төбенің орталық бөлігінің биіктігі 7–8 м, алаңның жоғары жағының диаметрі солтүстіктен оңтүстікке 80 м, батыстан шығысқа 70 м. Үстіңгі қабаттан керамикалық материалдар – құм сияқты ірі ыдыс сынықтары, ас үйлік, асханалық керамика бұйымдары т.б. жинап алынды.

аруақты қария, ел атасы – әулие кісі атанған. Зеңгі атадан бата алған екен деген де әңгіме бар. Көп жорықтардың бірінде осы өңірге айлап ат шалдырып, әскерін тынықтырған Ақсақ Темір Асан ата туралы әңгімелерге мольнан қанығып, әруағына бас иіп, тағзым етіп, өзінің перзенттік парызын өтеуі ретінде бұйрық беріп, осы күмбезді салдырып кеткені жөніндегі деректер де жұрт жадында қалған деген екінші бір дерегі де бар.

Жаушықұмтөбе қалашығы

Жаушықұмтөбе қалашығы Сырдария өзенінің орта ағысындағы оңтүстік жағалауының жоғары террасасында, Шардара строй поселкасынан солтүстікке 5 км шамасында орналасқан. Оның

Халық арасындағы аңыз бойынша «сейіт» сөзі «шейіт» сөзімен баламаланады. Ертеде ауылдағы бар мал-мүлікті барымташылар алдына салып алып кеткен. Елдегі ер азаматтар ауылда болмай, барымташыларды екі жас бала артынан қуып малды қайтарып алмақ болған екен. Ағайынды екеудің ағасы

қазылған арық арқылы әкелінген. Цитаделдің орны қалашықтың солтүстік-батыс шетінде. Оның өлшемі 150x150 м, биіктігі 7 – 8 м. Цитаделді қоршаған қорғаныс қабырғасы мен мұнаралардың орындары сақталған. Оларды сыртынан терең ор бөліп жатыр. Қалашықтың шығыс шетінде қала маңындағы жеке

Сүткент қаласының бастапқы орны Сүткент-1 болған, XV - XVIII ғасырларда Сүткент-2-ге ауысқан. Археологиялық материалдар Сүткент-1 XI - XV ғасырларда, Сүткент-2 XV - XVIII ғасырлар аралығында өмір сүргендігін көрсетеді. 2009 жылы «Қазақ хандығы қалалары» отряды Сырдарияның сол жағалау-

келген, айнала дөңгелек шаһристан қоршаған қалашық. Жалпы ауданы 7,6 га алып жатыр. Ескерткіште ешқандай қазба жүргізілмеген. Қалашықтың топографиялық ерекшелігі мен үстінен жиналған қыш ыдыс сынықтарының сипаты шамамен IV-VIII ғғ. аралығына жатады.

ТУРИЗМДІ ДАМУДА ӘЛЕУЕТІ ЗОР

үлкен төбеде, кішісі кіші төбеде шейіт болып, сонда жерленген. Кейін «шейіт» сөзі «сейіт» болып, бүгінгі Кіші Сейт, Үлкен Сейіт төбелер аталып кеткен. Үлкен Сейіт төбе қазіргі Қоссейіт ауылының солтүстік шығысында орналасса, Кіші сейіт төбе Көк су ауылының оңтүстігінде орналасқан.

Көксүтөбе елді мекені, IV-XII ғғ.

Көксу ауылынан 1 км оңтүстікте Сырдарияның сол жағалауында орналасқан. 1949 ж. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы ашып, зерттеді. Екінші рет 1982 ж. Шымкент пединститутының археологиялық экспедициясының отряды зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жобасында сопақ болып келген алаң, биіктігі 1,5–2 м, жақтарының ұзындығы: солтүстік–оңтүстік 120 м, батыс–шығыс 160 м. Алаңның барлық жағынан ені 20–25 м. ор қоршап жатыр. Алаңның ортасында биіктігі 8–9 м. сопақша келген бекініс қалдықтары жатыр. Бекіністің жоғары бөлігінің жақтарының ұзындығы: солтүстік–оңтүстік 35 м, батыс–шығыс 50 м. Үстіңгі қабаттан керамикалық материалдар – асханалық, шаруашылық ыдыс сынықтары жинап алынды. Керамикалық бұйымдарға өрнектелген сызықтың іздері салынған және ангоб жағылған. Елді мекеннің батыс жағы қазіргі заманғы канал құрылысын салу кезінде бүлінген.

Сүткент қалашығы, I-XV ғғ.

Сүткент – ортағасырлық қала орны. Түркістан облысы Шардара ауданы Сүткент ауылынан шығысқа қарай 3 км жерде, Сырдарияның сол жағалауында орналасқан.

X - XI ғасырлардағы араб және түркі жазба деректерінде Фараб округінің Мауераннахрмен шекарасындағы қала ретінде аталады. Ол туралы араб тарихшысы әрі географы ибн Хаукаль: «Сүткент Шаштың батысында, онда мешіт бар. Мешітке исламды қабылдаған түркілер жиналады», – деп жазған. Сүткенттің аты XI ғасырдың соңынан XV ғасырдың басына дейінгі деректерде кездеспейді. Тек 1404 – 05 ж. Әмір Темірдің Отырарға жорығы кезінде қайта аталады. Қаланы 1900 ж. И.В. Руднев, 1951 ж. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы да (жетекшісі А.Н. Бернштам) зерттеген. Шардараның маңында қаланың атын осы күнге дейін сақтап қалған екі қалашық бар.


• Солардың алғашқысы Сүткент-1 - Сырдариядан 2 км жерде, Қаракөл сайында солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 800 м, солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 900 м аумақты алып жатыр. Оны қоршаған ені 4 – 6 м, биіктігі 1 м-ге жуық дуалдың бойында орнатылған 30 мұнараның орындары сақталған, дуалды сыртынан қоршай қазылған ордың тереңдігі 1 – 1,5 м, ені 8 – 10 м. Қалашықтың шығыс шетінде су жинайтын үлкен тоғанның орны бар. Оның өлшемі 100 ч 350 м, тереңдігі 1 м. Су Сырдариядан арнайы



Суретте: Сейітөбе қаласы



Суретте: Көксүтөбе елді мекені



Суретте: Мұңлық - Зарлық әулие кесенесі

иеліктердің қираған орындары байқалады.

• Сүткент-2 осы аттас ауылдың ортасында орналасқан. Үсті біркелкі тегіс төбенің қабырғаларының өлшемі оңтүстігінде 60, батысында 200, солтүстігінде 280, шығысында 200, оңтүстік-шығыста 240 м, биіктігі 1,5 м және бұрыштарында мұнаралардың орындары бар. Қалашықтың ішкі жағында бір түзудің бойында жүйелі орналасқан тұрғын үйлер мен басқа да ғимараттардың орындары байқалады. Үстінен табылған ыдыс сынықтарының басым көпшілігі орта ғасырға тән.

Зерттеушілердің пайымдауынша

ында жүргізген барлаудың нәтижесі аты жазба деректерде X ғасырдан белгілі Сүткент қаласының шын мәнінде уақыт жағынан кезектесіп келетін үш бірдей орында болғанын анықтады. Яғни қала үш дүркін орын ауыстырған. Қаланың алғашқы кезеңінің орны Ақтөбе қала жұрты болған. Бұл қалашық осы күнге дейін белгісіз болып, зерттелмей келген. Сүткенттің ертедегі өмірі жайлы мәлімет ешқандай жазба деректерде кездеспейді. Бірақ қаланың сол замандағы орны (Ақтөбе қалашығы) қазіргі Сүткент ауылының батысында 3 шақырым жерде сақталған.

Ол орталық бөлігі төрт бұрышты

Байбақ батыр

Қызылқұмда (қазіргі Шардара ауылы) Қарамайрақ деген кісі болыпты. Қарамайрақ (Майрақ деп те аталған.) Датқа болып, ел басқарған. Өзі қарапайым, ер жүрек батыл, реңі қап-қара, аңшы, сері, ел арасында беделді кісі екен.

Оның екі ұлы Өтеш, Байбақ жастайынан өжет, батыл өз қатарларынан ерекше болыпты. Өтеш пен Байбақ ер жеткен соң, Қоңыраттардың басқа жігіттерімен қосылып елді Қоқан ханның ел тонайтын сарбаздарынан, қарақшылардан қорқап, барымта, жер және жесір дауларына қатысады.

Байбақ батыр шамамен 1820 жылы дүниеге келген. Өте денелі, өжет, қайратты, ешнәрседен қашпайтын ержүрек, реңі қап-қара, сері ақындығы да болған. Бақуатты адамдар Байбақты жігіттермен бірге ел қорғаудан басқа барымтаға елдегі дауларды шешуге жұмсап отырған. Ол жігіттермен Сыр бойы, Арыс, Әлімтау, Келес және Шымқорған, Нұрата аймақтарындағы барлық ұлыстарға, басқа рулардың батырларымен бас қосып елді, қарапайым халықты қорғаған. Алғый Топаш, Шайқыдан ақсақалдар Байбақ батырдың ақындығы туралы еске алады: «Байбақ батыр алып келген малдарын ағайындарына, басқа тұрмысы төмен адамдарға таратып береді екен. Бір жылы құрбандық шалуға малы болмай қалады. Мұны байқаған ауыл молдасы «Батырым-ау! Өзіңде болмаса, бай ағайындарың, малды туыстарың бар. Солардан неге бір мал алып, құрбандық шалмайсыз, мұныңыз ұят болды ғой», - деп, жұрт арасында айтыпты. Сонда Байбақ батыр былай депті: - Сөйлемесең сөздің атасы өледі деген бар, ағайынның малы аспандағы мал, індегі мал – індегі мал, баладағы мал – даладағы мал. Сұраған адам қайыршы, ал ұрлаған адам қарақшы. Ұяты жоқ адамнан мал алып борышты болғанымша, алмай Алланың өзіне ақ борышты болайын», - деген екен.

Иә, көріп отырғаныңыздай шағалалы мекеннің тамашалайтын тарихи мекендері мен нысандары да жетерлік. Қолға алынып, әлемдік зиярат туризміне лайықтап жұмыстар жасалынса болғаны. Инфрақұрылым мәселесі де туризмді дамытуға бірден-бір себепкер екенін ескерсек Шардараға баратын жолдар тегіс болуы тиіс. Бүгінде бұл жұмыстар мықтап қолға алынған. Сыртқы және ішкі жолдарда күрделі жөндеу жұмыстары жыл сайын жүргізілуде. Дегенмен, облыс орталығынан шалғайда жатқан мекенге бару үшін туристерді мезі етпейтіндей көліктің болғаны аса қажет. Кеңес Өкіметі дәуірлеп тұрған шағында Шымкент–Шардара бағытында АН-24 сияқты ұшақтар қатынағанын ескерсек, осыдан бірнеше жыл бұрын көтерілген әуежай құрылысының мәселесі мықтап қолға алынса, туризм саласын одан әрі дамытуға көп септігін тигізері анық.

Дайындаған:
Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

